**Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш арысы Әлихан Бөкейханның туғанына биыл 150 жыл. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығымен тұспа-тұс келген мерейтой – Еуразия ұлттық университетінде халықаралық деңгейде аталып өтілді. ТҮРКСОЙ түрік мәдени орталығы және ҚР Ұлттық мұрағаты ұйымдастыруымен өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияның тақырыбы: «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік мұраты». Шараға ҚР Парламенті Сенаты және Мәжіліс депутаттары, ТҮРКСОЙ өкілдері, Қожа Ахмет Ясауи университеті, Жапонияның Қазақстандағы елшілігі, ҚР Ұлттық мұрағаты, ғылыми-зерттеу институт өкілдері мен ғалымдар қатысты.**

# АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН

## Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-конференция болып өтті



Жиында сөз алған Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Сұлтан Аққұлы: «Депутаттардың мерейтойды тойлауға байланысты жолдаған сауалына вице-премьер Д. Назарбаева жауап берген болатын. Онда, Астана қаласының сол жағалауындағы мектептердің біріне Әлихан Бөкейханның есімін беріп, ескерткіш орнатып, сабақ ашу мәселесі айтылған. Сонымен қатар, Мәскеу қаласындағы Ә. Бөкейханның топырағын Елордадағы Ұлттық пантеонға жерлеу мәселесін пысықтау жөнінде Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігіне тиісті тапсырма берілген.

Бұдан бөлек, Әлихан Бөкейханов туралы көп сериалы көркем фильм түсіру, мемориалды кешен орнату және Қарағанды қаласындағы орталық даңғылдың біріне тарихи тұлғаның есімін беру туралы Мәдениет және спорт министрлігі мен Қарағанды облысының әкіміне тиісті тапсырмалар берілді. Оған қоса, өткен жылдың желтоқсан айында ЮНЕСКО-ның 18-ші сессиясында арнайы қарар қабылданып, соның негізінде Еуразия ұлттық университетінің бастамасымен еліміздегі алаштанушы ғалымдар басқосып, бірқатар ұсыныстар әзірлеген болатын. Оның ішінде Ұлттық банк тарапынан Әлиханның портреті бейнеленген монета шығару, сонымен қоса, «Қазпошта» Әлиханның бейнесімен марка шығарса деген ой айтылған еді. Соған орай, қазіргі таңда марка шығару ісі қолға алынуда. Ұлттық банк тарапынан әлі ешқандай қолдау көріп отырған жоқпыз. Ал Алматы қаласындағы тұңғыш метрополитенге, Ұлттық агроуниверситетіне немесе Астанадағы ұлттық университеттердің біріне Әлихан Бөкейханның атын беру ұсынысы да айтылып келеді. Биыл Еуразия ұлттық университетіндегі Алаш институты Әлиханның барлық жүріп өткен өмір жолынан сыр шертетін қазақ-орыс тілдеріндегі 2 томдық «Тұлға тұғыры» атты монография кітап ұсынып отыр», – деп мерейтой қарсаңында қандай іс-шаралардың аталып өтілетіндігіне тоқталды.

Жиынға қатысушылар Әлихан Бөкейханның өмір жолынан бастап, атқарған жұмыстары, қазақ қоғамына сіңірген елеулі еңбегіне дейін зерттеп, зерделеді. Ғылыми-конференцияда әр түрлі тақырыптардағы баяндамалар оқылып, естеліктер айтылды. ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін шара алдағы уақытта ҚР Ұлттық мұрағатында «Әлихан Бөкейхан – Алаш көшбасшысы» тақырыбында өтетін дөңгелек үстелмен жалғасын таппақ. Одан кейін де, «Әлихан және Алашорда» мұрағаттық құжаттар көрмесі, белгілі суретші Е. Айтуаровтың «Тәуелсіздік үшін күрескен Әлихан» көркемсуретінің тұсаукесері өтпек.